

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

**КЕЛІСЕМІН**

Назарбаев зияткерлік  
мектебінің директоры  
Уразбекова З.К.

« 20 » 06 20 18 ж.

**КЕЛІСЕМІН**

М.Габдуллин атындағы №3  
көптілде оқытатын кәсіби мектеп-  
гимназиясының  
директоры Балташева А.К.

« 20 » 06 20 18 ж.

**КЕЛІСЕМІН**

КММ « № 1 орта мектеп-гимназияның »  
директоры Винтер Е.Б.

« 20 » 06 20 18 ж.

**БЕКІТЕМІН**

Ш.Уәлиханов атындағы ҚМУ-нің  
оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі  
проректоры Жакыпова А.Д.

« 20 » 06 20 18 ж.

**ДАЙЫНДЫҚ БАҒЫТЫ:** ғылыми-педагогикалық

**МАМАНДЫҚ:** «6M011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» (ағылшын, неміс тілдері)

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Шетел тілі: екі шетел тілі» (ағылшын, неміс тілдері)

берілетін дәреже – «6M011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» (ағылшын, неміс тілдері)»  
мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

Деңгей – 7

Көкшетау 2018

«6M011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» (ағылшын, неміс тілдері) мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы төмендегідей құжаттардың негізінде құрылды:

Ұлттық шеңбер квалификациясы;  
Кәсіби стандарт «Педагог» 17.01.2017 ж;  
ҚР МЖМБС №292 13.05.2016 ж.;  
Мамандық бойынша ТОВ, қаулы ҚР БҒМ №425 05.07.2016 ж.

Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2018 жылғы  
«01» 09 бастап қолданысқа енгізілуге ұсынылды (2018 жылғы  
«20» 06 № 5 хаттама)

**КЕЛІСЕМІН**

ОӘК жетекшісі:

  
КОЛЫ

Искендинова С.К.  
(Т.А.Ә.)

**Әзірлеушілер:**

Білім беру бағдарламасының жетекшісі

Ф.ғ.к. кафедраның доцент

  
КОЛЫ

Немченко Н.Ф.  
(Т.А.Ә.)

Ағылшын тілі және ОӘ  
кафедрасының меңгерушісі:

  
КОЛЫ


Исмагулова А.Е.  
(Т.А.Ә.)

Білім алушы



Мукажанова А.Е.

Түлек



Левен Я.Я.

## **МАЗМҰНЫ**

1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

1.2 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

1.2.1 Кәсіби қызмет саласы

1.2.2 Кәсіби қызметтің нысаны мен пәні

1.2.3 Кәсіби қызметтің түрлері мен функциялары

1.2.4 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

1.2.5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін мамандықтар тізімі

2 Білім берудің нәтижелері мен негізгі құзыреттіліктері

3 Оқу бағдарламасының мазмұны

3.1 Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

3.2 Оқу нәтижелерінің картасы

3.3 Оқу бағдарламасының модульдері бойынша менгерген кредиттер көлемін көрсететін

жиынтық кесте

4 Кәсіби жоба

5 Кәсіби тәжірибе

6 Білім алушылардың жетістіктерін бақылау формалары

7 Білім беру ресурстары

8 Жұмысқа тұру

## **1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы**

### **1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері**

Білім беру бағдарламасы ҚР МЖМС 7.09.142-2010 (өзгертілген және толықтырылған ҚР МЖМС 5.04.033-2011) негізінде құрылды.

Білім беру бағдарламасының ережелері меншік формасы, ведомстволық бағыныштылығы, ұйымдастыру-құқықтық формалар мен оқыту формаларынан тәуелсіз, берілген мамандық бойынша кәсіптік магистрлер дайындайтын Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қолдану мен сақтау үшін ұсынылады.

Жоғары білім беру мақсаты – қоғам, мемлекет пен тұлғаның сапалы жоғары білім алудағы ықыласын қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұны, формалары мен мерзімін таңдауда кең мүмкіндіктер беру.

Білім беру бағдарламасының **мақсаты** халықаралық бірлестік мойындаған және Қазақстан Республикасы қоғамының қажеттіліктеріне жауап беретін деңгейде шетел тілдерін меңгерген; лингвистика, шетел тілдері мен мәдениетаралық коммуникацияны оқытудың теориясы мен практикасы бойынша ғылыми білім жүйесін тәжірибеде қолдана алатын, ғылыми-зерттеу іздеу дағдыларына ие, құрамына жоғары, жоғарыдан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беру енетін лингвистикалық білім берудің барлық деңгейлері мен кезеңдерінде ғылыми және педагогикалық қызметке дайын мамандарды қалыптастыру болып табылады.

#### **Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:**

1. магистранттардың ғылым эволюциясының тарихы және оның қазіргі замандағы өзекті бағыттары бойынша білімін кеңейту, ғылыми-зерттеу әдістері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру;
2. зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және анықтамалық әдебиетпен жұмыс істей білу және мәліметтерді сараптауға үйрету;
3. кәсіби міндеттерді шешу үшін ресурсты-ақпаратты базаны құра білу қабілетін қалыптастыру;
4. жаңа ғылыми әдістерді қолдана отырып, ғылыми зерттеу жұмысын өздігінен атқара білу қабілетін дамыту;
5. магистранттардың жалпы зияткерлік және жалпы мәдени деңгейін жетілдіруге мүмкіндік беру;
6. дарынды магистранттарды және олардың білім беру стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін емтихандарды тапсыруға тілдік дайындығын қолдау ;

## **1.2 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы**

### **1.2.1 Кәсіби қызмет саласы**

6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрі өзінің кәсіптік іс-әрекетін білім беру өрісінде жүзеге асырады.

### **1.2.2 Кәсіби қызметтің нысаны мен пәні**

6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрінің кәсіптік іс-әрекетінің нысандары мыналар болып табылады:

- Бастауыш, негізгі және бейінді мектеп;
- Арнайы мектеп;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары;
- Жоғары оқу орны
- Ғылыми-зерттеушілік институттары

6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрінің кәсіби қызметтің пәндері қазіргі заманғы педагогикалық және ақпараттық технологияларға ие болу, таңдаған мамандық бойынша ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жоспарлау,

ұйымдастыру және өткізу шеберлігі, базалық негізгі шетел тілі, арнайы мақсаттарға арналған тіл, академиялық мақсаттарға арналған тіл, екінші шетел тілі бойынша оқыту процесін жоспарлау мен жүргізу болып табылады.

### 1.2.3 Кәсіптік іс-әрекет қызметтері мен түрлері

6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрлері келесі кәсіби қызметтерді атқара алады:

- Білім беру (педагогикалық);
- Ғылыми-зерттеушілік;
- Тәжірибелік-зерттеушілік;
- Ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- Әлеуметтік-педагогикалық;
- Оқу-тәрбиелік;
- Оқу-технологиялық;

### Кәсіби-педагогикалық қызметтің функциялары

6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша білім берудің кәсіби қызметінің функциялары:

- Кәсіби қызметтің объектілеріне сәйкес ұйымдарда шетел тілдерін оқыту;
- Оқыту әдістемесі мен тіл теориясы аясында зерттеулер жүргізу.

### 1.2.4 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

Кәсіби қызметтің міндеттері қызметтің келесі салаларында жүзеге асуы мүмкін:

- Білім беру қызметі саласы;
- Кәсіби-иәжірибелік қызмет саласы;
- Ғылыми-әдістемелік қызмет саласы;
- Ғылыми-зерттеушілік қызмет саласы;
- Тәжірибелік-зерттеушілік қызмет саласы;
- Әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласы;
- Оқу-тәрбиелік өызмет саласы;
- Оқу-технологиялық қызмет саласы.

### 1.2.5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін мамандықтар тізімі:

- Ағылшын және неміс тілі оқытушысы
- Аудармашы
- Мектепке дәйінгі және орта оқу орындарында әдіскер
- Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеші
- Бастауыш, негізгі және кәсіптік мектептерде ШТ мұғалімі
- Техникалық және кәсіптік оқу орындарында ШТ оқытушысы
- Әлеуметтік қызметкер
- Ғылыми қызметкер

## 2. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

Код	Оқыту нәтижелері
H1	Педагогика және психология саласындағы мәселелерді шеше білу және білімдерін қолдана алу, дәлел бере білу;
H2	Ғылыми білімді ескере отырып, ақпаратты талдай білу және өз пікірін білдіре алу;
H3	Ойлар мен мәселелердің шешу жолдарын жазбаша және ауызша түрде жеткізе білу;
H4	Қазақстан қоғамындағы топтар мен қауымдастықтардың кәсіби, діни, ұлттық, әлеуметтік құндылық мағыналық бағыттарын ескереу және жалпы адами құндылықтар жүйесінде

	бағыт таба білу;
H5	Ұжымдық ережелер мен ұстанымдарды сақтау; топтық мақсаттарды орындау; серіктестерге әсер ету және өзара түсіністікке жету үшін ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай білу, стилистикалық және басқа да құралдарды қолдана білу;
H6	Іздеу әдістерін білу, сыни талдау, қазақ және орыс және оқытылатын шетел тілдерінде қажетті ақпаратты өңдеу және жүйелендіру, кәсіби жұмыспен байланысты жұмыс нәтижелерін, жаңа білімді қолдану мақсатымен жаңа инновациялық және компьютерлік дағдыларға ие болу;
H7	Зерттеу әдістерін жасау барысында ғылыми, ғылыми білім алу әрекетінде өз бетінше білім ала білу;
H8	кәсіби міндеттерді шешу үшін өзарамадени байланыстар теориясы мен лингводидактика, аударма, теориялық және қолданбалы лингвистика, философияның түсініктік аппаратын қолдан білу;
H9	өзінің кәсіби қызметіне тиісті еңбек нарығында бағдарлау (экзистенциалдық құзіреттіліктер дағдыларының жүйесіне ие болу – еңбек нарығын зерттеу, түйіндеме құрастыру, потенциалдық жұмыс берушімен әңгіме және келіссөздер жүргізу);
H10	Әріптестердің пікіріне құрмет көрсете отырып, қарым-қатынасты қалыптастыру, топта жұмыс істеу дағдыларын және көшбасшылық дағдыларын игеру; қарым-қатынас мәдениетін игеру;

Оқу нәтижесі құзыреттіліктер арқылы көрсетіледі және 2 оқу деңгейлі Дублиндік дескрипторлар негізінде құрылады.

2 деңгейлі дескрипторлар магистр дәрежесін алушыда келесідей қабілеттердің болуын қарастырады:

- жоғары кәсіби білім беруде алған білімдері мен түсініктерін көрсету, олар идеяларды қолдану мен дамыту үшін негіз және мүмкіндіктер болып табылады;
- зерттеу саласымен байланысты кең салаларда таныс емес немесе жаңа жағдайларда мәселелерді шешу үшін білім, түсінік және қабілеттерді қолдану;
- білімді біріктіріп жинақтау, қиындықтарды жеңу және этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып толық емес ақпарат негізінде пайымдаулар жасау;
- мамандарға өзінің қорытындылары мен пайымдауларын анық әрі нақты жеткізу;
- оқуды өздігімен жалғастыру.

Дублиндік дескрипторлардың талаптарына сәйкес – 6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығынан күтілетін және талап етілетін құзыреттіліктер 2 топқа бөлінеді.

- Әмбебап құзыреттіліктер
- Кәсіби құзыреттіліктер

Негізгі құзіреттіліктердің тобы барлық кәсіби іс-әрекеттердің түрлеріне тән.

**Әмбебап** құзіреттіліктерді - білім алушылардың жеке дамуына және әлеуметтік құзіреттілікті қалыптастыруына әкелетін білімалушылардың жеке жауапкершілігінің және өздік тәжірибесінің, дағдыларының, ептіліктерінің, біліктіліктерін толық әмбебап жүйесі деп түсінеміз.

6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының түлектерінің жеке дамуының және әлеуметтік құзіреттілігінің мінездемесіне келесі топтар кіреді:

### **Жүйелік ( әлеуметтік – этикалық дағдылар) (ӘҚ1)**

- жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде бағдарлау мен қазақстандық социумдағы әртүрлі әлеуметтік, ұлттық, діни, кәсіби қауымдастықтар мен топтарда құндылықтық-мағыналық бағдарларды ескеру;
- этноцентризмнен бас тартуға мүмкіндік беретін этикалық нормалар мен мәдени релятивизм принциптерін басшылыққа алу және шетел мәдениеті болмысы мен шетелдік социумның құндылықтық бағдарларын құрметтеу;

- ұжымдағы атқарылатын жұмыстарға, қабылданған моральдік және құқықтық нормалар негізінде әлеуметтік қарым-қатынасқа дайын болу, үлкендерге құрмет көрсету, өзара сенімді әріптестік қарым-қатынаста жауапты болуға дайын болу;
- қазіргі өркениеттерді дамыту мен сақтау үшін гуманистік құндылықтардың маңызын түсіну; қоршаған табиғат, қоғам мен мәдени мұраларға қатынаста адамгершілік міндеттерді қабылдауға дайын болу;
- жалпыгуманитарлық және жалпыадамзаттық міндеттерді шешуге бағытталған отандық ғылыми ой мұраларына ие болу;
- ойлау мәдениетіне ие болу, ақпаратты жалпылау мен талдауға, мақсаттарды анықтау және оларға жету жолдарын таңдау қабілетіне ие болу, ауызша және жазбаша тіл мәдениетіне ие болу;
- өзінің интеллектуалдық дамуы үшін таным, оқыту мен өзін-өзі бақылау әдістері мен құралдарын қолдана білу, мәдени деңгейін, кәсіби құзіреттілігін көтеру, өз денсаулығы мен өнегелік және физикалық қалыптасуын сақтау;
- әлеуметтік-тұлғалық шиелініскен жағдайларда азаматтық позицияны ұстауға қабілетті болу;
- өз елінің азаматы ретінде өзінің құқықтары мен міндеттерін білу; өзінің қызметінде әрекет етуші заңдарды қолдана білу; адамгершілік, бостандық және демократия принциптері негізінде қоғамның дамуы мен жетілуіне ұмтылыс жасауға дайын болу;
- өзін-өзі тұрақты дамытуға, өзінің біліктілігі мен шеберлігін арттыруға ұмтылу; өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін сыни тұрғыда бағалау, өзін-өзі дамыту жолдары мен құралдарын анықтау;
- өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңызын түсіну, кәсіби қызметін орындауда жоғары мотивацияға ие болу.
- қарым-қатынастың ресми, бейтарап және бейресми регистрлерінің ерекшеліктерін меңгеру;
- шетелдік социумда тілдік қарым-қатынас конвенциялары, оқытылатын тілдің тасымалдаушыларымен мәдениаралық және кәсіби қатынастың ережелері мен дәстүрлерін меңгеру;
- дүние жүзінің шет тілдік ғылыми бейнесінің спецификасы, орыс және оқытылатын шет тілдеріндегі ғылыми дискурс ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;
- стереотиптер әсеріне төзуге дайын болу және қарым-қатынастың жалпы және кәсіби салаларында мәдениаралық диалогты жүзеге асыру;
- басқа мәдени социумда қабылданған тәртіптің этикалық және құлықтық нормаларын меңгеру;
- кәсіби бағыттағы мәтіндерді құру және өзгерістер енгізе алу;
- оқушыларды құндылықтық бағдарлауға, тілдік, интеллектуалдық және танымдық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін шет тілдерін оқытуда заманауи бағыттар, оқыту мен тәрбиелеудің теорияларын меңгеру; мәдениеттер диалогына қатысуға дайын болу, оқытылатын пәндер арқылы білімін одан әрі жетілдіру;

### **Жүйелік (коммуникативті қабілеттері) (ӘҚ 2):**

- Басқалармен қарым-қатынасқа түсе білу, өз ойын жазбаша және ауызша түрде жеткізе білу;
- Басқалардың өзекті мәселені талқылауына және оны шешуге қатысуына ықпал ету;
- Топта жұмыс жасай білу және топты басқара білу;
- мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби тұрғыда маңызды ақпараттарды іздеу, сын тұрғысынан талдау, өңдеу және жүйелеу әдістерін меңгеру; қызмет саласына байланысты және электрондық түрде жеке жұмыстың нәтижелерін ұсыну мақсатында практикалық қызметте жаңа білімдер мен біліктерді игеру және қолдану мақсатымен компьютерлік және инновациялық технологияларды меңгеру;
- опты басқара білу;

- Басқалармен мәдениетті түрде қарым-қатынасқа түсе білу, қоғам алдында сөз сөйлей білу;
- Қажетті ақпаратты жеткізу үшін ақпараттық құралдарды және қарым-қатынастарды қолдана білу;
- Өзгелерді мұқият тыңдай білу, өзгелердің көзқарастарын түсіну және олардың пікірлерімен санасу;
- Қарым-қатынас жасаудың адекватты және адекватты емес, вербалды және вербалды емес компоненттерін қарастыра білу;
- Мамандықтың психологиялық профессионалдык компетенциясын ұстана білу;
- Ұжымдық жұмысты басқара білу, өзгелердің көзқарастары мен пікірлерін есепке алу;
- Қарым-қатынас жасаудың кедергілерін анықтай білу, олардың алдын алу, мәселелерді шеше білу;
- Пәнаралық мәселелерді шешуге талпыныс жасау;
- Ұжымды басқаруда әлеуметті-психологиялық ерекшеліктерді ескеру;
- Даулы жағдайдан шығудың жолын таба білу;

### **Тұлғааралық ( топта жұмыс істеу қабілеттілігі) (ӘҚ 3)**

- Этиканы сақтау, ұжымдық ережелер мен ұстанымдарды сақтау; ауызша және жазбаша қарым-қатынас біліктерін қолдана білу, ұжымдық жұмыстың нәтижелілігін арттыру;
- Әріптерістерімен қарым-қатынас орнатана білу, ұжымдасу;
- Өзіне деген сенімділік, талап қоя білу;
- Топтық жұмысты бағалай білу, оны арттыруға талпыныс жасау;
- Топ ішіндегі міндеттерді анықтау;
- Ұжымдық жұмыста жаңа идеяларды ұсыну, ұсыныс жасау;
- Қиындықтан шығудың жолдарын табу, бір шешімге келу;
- Топтың басқа мүшелерінің алға қойған идеялары мен ұсыныстарын нақты қарастыру;
- Топтың басқа мүшелерінің қызметін реттеу және идеялар мен ұсыныстарды үйлестіре алу қабілеті;
- Топты мақсатқа бағыттау, ондағы болған мәселелерді қорытындылау және алған бағыттан ауытқуды анықтай алу қабілеті;
- Ұйымға адалдық және кәсіпкерлік бағдарлану;
- Тыңдау алу қабілеті: ауызша коммуникациядан алынған мәліметті қабылдау, меңгеру және пайдалану;
- Топ жұмысын және басқалардың ұсынысын алға қойылған мәселелерді қазіргі стандарттармен салыстыра отырып, іске асыруды сынап алу қабілеті;
- Топты ынталандыру, оның мүшелерін жаңа әрекеттерге, жаңа шешімдерге және орындалған жұмыстан артығырақ істеуге итермелеу;
- Топ мүшелерінің арасында келіспеушілік туған жағдайда, делдал болу, сөйтіп топтағы үйлесімділікті сақтау;
- Басқалардың ойын ретке келтіру үшін өз ойын ұсыну, сөйтіп топтағы үйлесімділікті сақтау;
- Топтағы болып жатқан процесстерді бағалау үшін стандарттарды құру немесе қолдану.

### **Инструменталды (ІТ технологияларды білу) (ӘҚ4):**

- ақпарат туралы білімдер қолданады (ақпараттық үдерістер туралы);
- ақпараттық технологияларды өмірдің әр түрлі салаларында қолданады;
- ғаламтор жүйесінде өздік іс-әрекеттің дағдылары мен білімдерді қолданады, ақпаратты тез қабылдап еске түсіреді;
- жаңа технологияларды және әрекеттерді үйренеді, есте сақтайды және қолданады;
- нысанның сипаттарының толықтылығын, оның құрылымдығын және даму деңгейін бақылайды
- мәселені шешуге және шешім қабылдауға барлық қажет ақпаратты іздеп табады;
- ақылдасады, фактіледі тексереді, жағдаяттарды әр тұрғыдан талдайды;
- жұмыстың барлық техникалық аспектілерінде сәйкес білімдерді, дағдыларды және әрекеттерді қолданады;



- ақпаратты әр түрлі қайнарлардан тауып талдайды;
- көбейіп келе жатқан ақпараттарды өнімдейді және ақпараттық технологияларды меңгереді.

### **Инструменталды (шетел тілдерін білу) (ӘҚ 5):**

- тілдің барлық деңгейлеріндегі негізгі құбылыстарды білуді қамтыған лингвистикалық білімдер жүйесі мен оқытылатын тілдер қызметі мен оның функционалдық әртүрлілігінің заңдылықтарын меңгеру;
- оқытылатын шет тілдер елдерінің мәдениеттеріне тән құндылықтар мен түсініктер, мәдениаралық байланыстар саласында теориялық және эмпирикалық білімдер, орыс тілі мен оқытылатын тілдерді қамтыған дүние жүзінің концептуалдық және тілдік бейнесінің негізгі ерекшеліктерін меңгеру;
- ауызша және жазбаша формаларда өзара байланысты монологтық және диалогтық мәтіндерді қабылдау мен қалыптастыруға бағытталған когнитивтік-дискурсивтік біліктіліктерді меңгеру;
- қарым-қатынастың ресми, бейтарап және бейресми регистрлерінің ерекшеліктерін меңгеру;
- шетелдік социумда тілдік қарым-қатынас конвенциялары, оқытылатын тілдің тасымалдаушыларымен мәдениаралық және кәсіби қатынастың ережелері мен дәстүрлерін меңгеру;
- дүние жүзінің шет тілдік ғылыми бейнесінің спецификасы, орыс және оқытылатын шет тілдеріндегі ғылыми дискурс ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;
- стереотиптер әсеріне төзуге дайын болу және қарым-қатынастың жалпы және кәсіби салаларында мәдениаралық диалогты жүзеге асыру;

### **Тұлғааралық (құқықтық дағдылар) (ӘҚ 6):**

- магистранттарда дағдылар жүйесін қалыптастыру және заңдылықпен қоғамдық тәртіпті, тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- білім алушылардың мемлекеттің орны мен рөлін және қоғамдық өмірдегі құқықтармен, ҚР құқықтық жүйесінің даму болашағымен және мәселелерімен танысуы;
- құқықтық актілермен жұмыс дағдыларын қалыптастыру

### **Жеке (өзін-өзі жетілдіру дағдысы) (ӘҚ 7) :**

- өзінің интеллектуалдық дамуы үшін таным, оқыту мен өзін-өзі бақылау әдістері мен құралдарын қолдана білу, мәдени деңгейін, кәсіби құзіреттілігін көтеру, өз денсаулығы мен өнегелік және физикалық қалыптасуын сақтау;
- өз елінің азаматы ретінде өзінің құқықтары мен міндеттерін білу; өзінің қызметінде әрекет етуші заңдарды қолдана білу; адамгершілік, бостандық және демократия принциптері негізінде қоғамның дамуы мен жетілуіне ұмтылыс жасауға дайын болу;
- өзін-өзі тұрақты дамытуға, өзінің біліктілігі мен шеберлігін арттыруға ұмтылу; өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін сыни тұрғыда бағалау, өзін-өзі дамыту жолдары мен құралдарын анықтау;
- өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңызын түсіну, кәсіби қызметін орындауда жоғары мотивацияға ие болу.
- дербес жұмыстардың әр түрлі формадағы өздік жұмыстары;
- тиімділік тәртібінің таңдалған түрлері;
- инновациялық әдістің тәлім-тәрбиедегі қолданысы, материалды өзіндік жұмыс ретінде оқу үшін көзделген жауапкершілік
- өзіндік танып-білу арқылы жаңа технологияның өндірістік саласын игеру

**Кәсіби құзіреттілік** сөзінің түбіндегі мағынасын мәнді кәсіби мәселелерді, бұлақты және типтік өндірістік мақсаттарды түлектің саналы меңгерген білімінің, ұсталықтарының, иемденген тәжірибесінің, барлық өзінің ішкі қорының негізінде саралап іс жүзінде шешуге даярлығығы (зейіні) деп түсініледі.

**6M011900 – Шет тілі: екі шет тілі** мамандығының түлегінің кәсіби қызметінің мінездемесі ішіне келесі кіреді:

**Пәндік – мамандандырылған (лингвистикалық құзіреттілік) (КҚ 1)**

- Қарама – қайшы идеяларды сыни қабылдауға қабілетті, кәсіби қызметтерді өздігінен және тиімді шешу;
- Негізгі түсініктерді, терминдерді және лингвистика ғылымының орнын білу; тілдің шығу жолдары, дамуы және қызмет етуі;
- Тілдің шығу жолының басты мәселелерін түсіндіре білу; әлемдік лингвистикалық карта және генеологиялық тиімділігінің аумақтық таралуы жайлы білу;
- Басқаларды үйретуге және өз білімдері мен дағдыларын арттыруға қабілетті болу;
- Өз бетінше қорытынды шығару және нақты материалдар бойынша бақылауларын жалпыландыру;
- Зерттеліп жатқан тілдің ең маңызды және типтік құбылыстарын түсіндіру;
- Зерттеліп жатқан тілдің деректерін (лексикалық, фонологиялық, грамматикалық, прагматикалық) өз ана тілінің және шет тіл деректерімен салыстыру;
- Презентация, семантизация және лингвистика мәдениеттану талдау тәсілдерін қолдану
- Кәсіби іс-әрекеттерін талдау және жоспарлау;
- Кәсіби іс-әрекеті бойынша жасалған жұмыстарды талдау және мәселелерді шешуде өз білімін қолдана білу;
- Ғылыми зерттеулер өткізу;
- Білім беруге және өз білімі мен дағдыларын кәсіби іс әрекет жасағанда өмір бойы әрі қарай нығайтуға қабілетті болу

**Пәндік – мамандандырылған (Кәсіби бағытталған шетел тілі) (КҚ 2):**

- әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде философиялық мәселерді талдау мен бағалауға қабілетті болу;
- қазіргі әлемде мемлекеттік тілдің мәртебін нығайту саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға қабілетті болу; орта және жоғары білім беру жүйесінде шет тілдерін оқыту; ұлттық мәдени-тарихи мұраны сақтау;
- тілдік байланыста тілдік құбылыстар мен үдерістерді талдау мен талқылауға қабілетті болу;
- дүние жүзінің тілдік және мәдени бейнесін салыстыру қабілетіне ие болу;
- кәсіби қызметтің барлық кезеңі барысында тұрақты кәсіби өзін-өзі оқытуға және жаңа білімдер, дағдылар мен біліктерді игеруге қабілетті болу;
- оқушыларды құндылықтық бағдарлауға, тілдік, интеллектуалдық және танымдық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін шет тілдерін оқытуда заманауи бағыттар, оқыту мен тәрбиелеудің теорияларын меңгеру; мәдениеттер диалогына қатысуға дайын болу, оқытылатын пәндер арқылы білімін одан әрі жетілдіру;
- табиғи тілдің когнативтік және формальді модельдеу әдістері мен мета тілдерді құру тәсілдерін меңгеру;
- шетелдік социумда тілдік қарым-қатынас конвенциялары, оқытылатын тілдің тасымалдаушыларымен мәдениаралық және кәсіби қатынастың ережелері мен дәстүрлерін меңгеру;

**Пәндік-мамандандырылған (Шетелдік білім беру заманауи әдіснамасы) (КҚ 3):**

- тілдің барлық деңгейлеріндегі негізгі құбылыстарды білуді қамтыған лингвистикалық білімдер жүйесі мен оқытылатын тілдер қызметі мен оның функционалдық әртүрлілігінің заңдылықтарын меңгеру;
- оқытылатын шет тілдер елдерінің мәдениеттеріне тән құндылықтар мен түсініктер, мәдениаралық байланыстар саласында теориялық және эмпирикалық білімдер, орыс тілі мен оқытылатын тілдерді қамтыған дүние жүзінің концептуалдық және тілдік бейнесінің негізгі ерекшеліктерін меңгеру;

- ауызша және жазбаша формаларда өзара байланысты монологтық және диалогтық мәтіндерді қабылдау мен қалыптастыруға бағытталған когнитивтік-дискурсивтік біліктіліктерді меңгеру;
- қарым-қатынастың ресми, бейтарап және бейресми регистрлерінің ерекшеліктерін меңгеру;
- шетелдік социумда тілдік қарым-қатынас конвенциялары, оқытылатын тілдің тасымалдаушыларымен мәдениаралық және кәсіби қатынастың ережелері мен дәстүрлерін меңгеру;
- дүние жүзінің шет тілдік ғылыми бейнесінің спецификасы, орыс және оқытылатын шет тілдеріндегі ғылыми дискурс ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;
- стереотиптер әсеріне төзуге дайын болу және қарым-қатынастың жалпы және кәсіби салаларында мәдениаралық диалогты жүзеге асыру;
- басқа мәдени социумда қабылданған тәртіптің этикалық және құлықтық нормаларын меңгеру;
- кәсіби бағыттағы мәтіндерді құру және өзгерістер енгізе алу;
- әртүрлі бағыттағы автоматтандырылған жүйелердегі лингвистикалық қамсыздандыру жоспарларының заманауи әдістерін игеру;

#### **Пәндік-мамандандырылған (Педагогикалық шеберлік) (КҚ 4):**

- шығармашылық, инновациялық идеяларды тудыру, жеке гипотезаларды ұсынуға қабілетті болу;
- ғылыми ақпараттарды іздеу, сын тұрғысынан талдау, жалпылау және жүйелеуге қабілетті болу;,,
- зерттеудің мақсатын анықтап, оған қол жеткізуде оңтайлы жолдар мен әдістерді таңдауға
- зерттеулердің жаңа әдістерін құрастыру мен жеке оқуға, қызметтің ғылыми және ғылыми-өндірістік бағытын өзгертуге, инновациялық ғылыми-оқыту қызметке қабілетті болу;
- кәсіби этиканы басшылыққа ала отырып, кәсіби қызметті жүзеге асыру қабілетіне ие болу;
- құқықтық және этикалық негізде қоғаммен қарым-қатынасты құру және реттеу;

#### **Пәндік-мамандандырылған (Әдістемелік зерттеулердің әдіснамасы) (КҚ 5):**

- заманауи ғылыми парадигманы меңгеру, ғылыми және кәсіби қызметте таңдап алынған саланың даму динамикасы туралы жүйелі түсінік қалыптастыру;
- кәсіби міндеттерді шешу үшін өзарамадени байланыстар теориясы мен лингводидактика, аударма, теориялық және қолданбалы лингвистика, философияның түсініктік аппаратын қолдан білу;
- ғылыми қызметтің әдістемелік тәсілдері мен методологиялық принциптерін игеру;
- кәсіби қызметтің әртүрлі салаларындағы білімдерді құрылымдау және интеграциялау, кәсіби міндеттерді шешу барысында оларды шығармашылықпен қолдану және дамыту қабілетіне ие болу;
- оқытылатын пәндердің өзарапәндік байланыстарын анықтау мен болашақ кәсіби қызмет үшін олардың маңызын түсіне білу;
- заманауи ақпараттық және библиографиялық іскерлікті меңгеру;
- тілді тасымалдаушының тілдік қызметін зерттей алу, шетелдік социумның қоғамдық, саяси және мәдени өмірінде, тілдің қазіргі жағдайындағы жаңа құбылыстар мен үдерістерді сипаттау;
- жүргізілетін зерттеулердің теориялық қорытындыларын нақтылау және иллюстрациялар үшін қажетті құбылыстар мен үдерістерді анықтауға қабілетті болу;
- алынған экспериментальдік мәліметтерді жинау, өңдеу және интерпритациялаудың заманауи технологияларын пайдалана білу;
- қызметтің жаңа жағдайларына бейімделе алу қабілетіне ие болу, қызметтен тыс жерлерде алынған білімдер, дағдылар мен құзіреттіліктерді шығармашылықпен қолдану;

- ғылыми құжаттарды (диссертациялар, есептер, рефераттар, аннотациялар, баяндамалар мен мақалалар), библиография мен сілтемелер құру мен безендірудің әдістерін меңгеру;
- дүние жүзінің ғылыми бейнесі туралы түсінік қалыптастыру қабілетіне ие болу;
- зерттеу және практикалық жұмыстарында жаңа білімдер мен біліктіліктерді игеру және қолдану, жеке ғылыми жұмысты кеңейту және тереңдетуге қабілетті болу;
- инновациялық салалар мен зерттеулердің жаңа әдістерін жекелей игеруге қабілетті болу;
- танымдық және зерттеу жұмыстарында теориялық негіз білімдері мен кәсіби міндеттерді шешуде практикалық әдістемелерді қолдануға қабілетті болу;
- теориялық және практикалық құндылығы бар өзекті мәселені жекелей құрастыру қабілетіне ие болу;
- таңдап алынған және оқытудың аралық профильдері бойынша докторантурада оқуға дайын болу;

#### **Пәндік-мамандандырылған (Этика және кәсіптілік) (КҚ 6):**

- өзінің кәсіби қызметіне тиісті еңбек нарығында бағдарлау (экзистенциалдық құзіреттіліктер дағдыларының жүйесіне ие болу – еңбек нарығын зерттеу, түйіндеме құрастыру, потенциалдық жұмыс берушімен әңгіме және келіссөздер жүргізу);
- кәсіби және ұжымдық этика саласында терең білімдерге ие болу, жеке ақпаратты сақтай білу;
- лингвистердің кәсіби ұжымын басқару дағдылары мен жоғары эффективті нәтижелерге қол жеткізу мақсатында оның жұмысын ұйымдастыру әдістерін меңгеру;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен ғылыми зерттеу ұжымын басқару дағдыларын игеру;
- педагогикалық қызмет дағдыларын меңгеру, педагогикалық ұжымды басқару және белгіленген талаптарға сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру қабілетті болу;
- шығармашылық жоспарлауға және кәсіби қызметтің нәтижелерін жан-жақты талдау негізінде әдістемелік тәсілдерді жетілдіруге қабілетті болу;
- ұжымның психологиясы және ұйымдастыру менеджменті дағдылары саласында жүйелі білімдерге ие болу;

#### **Пәндік-мамандандырылған (Коммуникация және топтағы серіктестік) (КҚ 7):**

- әріптестермен позитивті қатынас құра білу;
- топта жұмыс істеу мен жетекшінің қабілеттеріне ие болу;
- коммуникативті мәдениетке ие болу;

### **3 ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ**

#### **3.1 Оқу бағдарламасының төлқұжаты**

Мамандықтың оқу бағдарламасы 42 кредит өтуге бейімделген. Оның ішіне жалпы білім беру, базалық және профилденген пәндер енеді. Оқу бағдарламасы 6 модульден тұрады. Оның ішіне міндетті компонент және талдау компоненті кіреді.

Әр білім беру модулі мамандықтың МЖМББС және типтік оқу жаспарының негізінде құрылған. Оқыту нәтижелері Дублиндік дескрипторлардың оқудың бірінші деңгейіне (магистратура) негізінде айқындалады және құзіреттіліктер негізінде көрсетіледі. Оқыту нәтижелері бағдарлама бойы және модуль немесе бөлек пәннің деңгейінде айқындалады.

**6M0111900 Шет тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының паспорты**

**Ғылыми-педагогикалық дайындық бағыты**

Дублин	Модуль	Құзыр	Пән атауы	Оқу нәтижелері
--------	--------	-------	-----------	----------------

дік дескрипторлар	атауы	егтілік тер		
<p><b>А.</b> білу және түсіну;  <b>В.</b> білімі мен түсінгенін қолдану;  <b>С.</b> пікір біліру  <b>Д.</b> коммуникативтік қабілеттері  <b>Е.</b> оқуға деген қабілеттері</p>	Жалпы модуль 1.	МК1 МК 4 МК 6 МК7 КҚ 6	Ғылыми тарихы мен философиясы	<p><b>А.</b> Ғылым тарихы мен философиясы, шет тілі, педагогика және психология саласындағы білімі мен түсінігін көрсету;  <b>В.</b> дәлелдер таба білу, білімін қолдану, педагогика және психология саласындағы мәселелерді шешу;  <b>С.</b> өз пікірін білдіре алу, пікірді ғылыми біліммен нақыштау үшін ақпараттарды тәржімалау  <b>Д.</b> ақпаратты, идеяларды, мәселелерді және олардың шешілу жолдарын вербалды және жазбаша беру алу қабілеті.  <b>Е.</b> әрі қарай оқуды жалғастыруға қажет материалды өз бетінше зерттей алу</p>
			Педагогика	
			Психология	
			1.1 Білім беру электрондық ресурстарын құру 1.2 Білім беру ақпараттық компьютерлік технологиялар	
<p><b>А.</b>білу және түсіну;  <b>В.</b> білімі мен түсінгенін қолдану;  <b>С.</b> пікір біліру  <b>Д.</b> коммуникативтік қабілеттері  <b>Е.</b> оқуға деген қабілеттері</p>	Мамандық бойынша модуль 2.	КҚ 1 КҚ 2 МК 1 МК 2 МК 3 МК 5	Шетел тілі (кәсіби)	<p><b>А.</b> Жалпы және кәсіби лексика негізінде сөйлеу іс-әрекетінің түрлері бойынша коммуникативтік қабілеттер (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу).  <b>В.</b> Тілдік білімдер және дағдылар (берілген мамандыққа тән оның фонетикасын, грамматикасын, лексикасын, терминологиясын, білу).  <b>С.</b> Әлеуметтік мәдени білімдер – оқитын тіл бойынша елтану (тарих негіздерін, географиясын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін білу)  <b>Д.</b> компьютерде өз бетімен жұмыс істей алу дағдыларына ие болу  <b>Е.</b> әрі қарай оқуды жалғастыруға қажет материалды өз бетінше зерттей алу.</p>

<p><b>А.</b>білу және түсіну; <b>В.</b> білімі мен түсінгенін қолдану; <b>С.</b> пікір біліру <b>Д.</b> коммуникативтік қабілеттері <b>Е.</b> оқуға деген қабілеттері</p>	<p>Мамандық бойынша модуль 3.</p>	<p>МК 1 МК 4 КҚ 3 КҚ 4 КҚ 5 КҚ 6 КҚ 7</p>	<p>ЖОО-дағы шетелдік білім беру заманауи әдіснамасы</p>	<p><b>А.</b> ЖОО-да оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың жалпы теория-әдіснамалық негіздерін білу <b>В.</b> студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың ерекшеліктерін білу <b>С.</b> салыстыра, қорытындыны тұжырымдай алу, өз дәлелін келтіріп, өз ұстанымын білдіріп, негіздей білу <b>Д.</b> ЖОО-дағы педагогикалық процесс ерекшеліктері негізінде ғылыми инновациялық зерттеуде құзыретті тәсілге ие болу; <b>Е.</b> оқу саласында – білім кеңістігіндегі теория-басқарушылық іс-әрекетінің негізі мәселелерін талдай білу;</p>
<p><b>А.</b> білу және түсіну; <b>В.</b> білімі мен түсінгенін қолдану; <b>С.</b> пікір біліру <b>Д.</b> коммуникативтік қабілеттері <b>Е.</b> оқуға деген қабілеттері</p>	<p><b>Мамандық бойынша модуль 4.</b></p>	<p>МК 1 МК 6 МК 7 КҚ 1 КҚ 2</p>	<p>2.1 Магистранттарға арналған TOEFL (IELTS) академиялық мақсаттарға арналған ағылшын тілі (Жалғастырушы деңгей)</p> <p>2.2 Шетелдік білім берудің салалық және кәсіби мәселелелері</p> <p>2.3 Қазақстандағы көптілді білім беру</p> <p>2.4 Қазақстандағы және шетелдегі инклюзивті білім беру мәселелері</p> <p>2.5 Мәдениаралық қарым-қатынас теориясы</p> <p>2.6 Тілдер типологиясының негізгі мәселелелері ағылшын тілінде</p> <p>2.7 Функционалды стильдер практиумы</p> <p>2.8 Неміс тілінің стилистикасы (неміс тілінде)</p>	<p><b>А.</b> сөйлеу әрекеттерінің түрлері бойынша қарым-қатынас дағдылары (сөйлеу, тыңдап түсіну, оқу, жазу) жалпы және кәсіби лексика негізінде; ЖОО-да оқу және тәрбие процесін ұйымдастыруда жалпы теориялық-әдіснамалық негіздерін білу <b>В.</b> Тілдік дағдылар мен білім (белгіді бір маманға тән фонетикасын, грамматикасын, лексикасын, терминологиясын, білу); Студенттердің танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін білу <b>С.</b> Әлеуметтік мәдени білімдер – оқитын тіл бойынша елтану (тарих негіздерін, географиясын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін білу) <b>Д.</b> компьютерде өз бетімен жұмыс істей алу дағдыларына ие болу <b>Е.</b> әрі қарай оқуды жалғастыруға қажет материалды өз бетінше зерттей алу.</p>
<p><b>А.</b> білу және</p>	<p>Мамандық</p>	<p>МК1 МК2</p>	<p>3.1 Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау</p>	<p><b>А.</b> ғылыми әрекеттің әдістемелік және әдіснамалық</p>

<p>түсіну;  <b>В.</b> білімі мен түсінгенін қолдану;  <b>С.</b> пікір біліру  <b>Д.</b> коммуникативтік қабілеттері  <b>Е.</b> оқуға деген қабілеттері</p>	<p>бойынша модуль 5</p>	<p>КҚ 3  КҚ3  КҚ 4  КҚ 5  КҚ 7</p>	<p>Заманауи зерттеу әдістері (ағылшын тілінде)</p> <p>3.2 Неміс тілінің фразеологиясы</p> <p>3.3 Искери неміс тілі (неміс тілінде)</p> <p>3.4 Академиялық мақсат үшін ағылшын тілі (ағылшын тілінде)</p> <p>3.5 Мәтіннің филологиялық талдауы (ағылшын тілінде)</p> <p>3.6 ЖОО-дағы және мектептегі сабақтарды ұйымдастыру формалары мен әдістері</p> <p>3.7 Әдіснамалаық зерттеулердің әдіснамасы</p> <p>3.8 Шетелдегі заманауи лингвистиканың өзекті мәселелері</p>	<p>қағидаларды білу;  тілді тасымалдаушының тілдік қызметін зерттей алу, шетелдік социумның қоғамдық, саяси және мәдени өмірінде, тілдің қазіргі жағдайындағы жаңа құбылыстар мен үдерістерді сипаттау;  <b>В.</b> кәсіби іс-әрекеттің әр-түрлі салаларынан білімді интеграциялай білу; басқа пәндерді оқу барысында пәнаралық дағдыларды қолдана білу;  <b>С.</b> болашақ пән үшін пәнаралық байланыстың маңызын көріп тани білу;  Заманауи әдебиет терминологиясы және аналитикалық әдістемелер негізінде әдебиеттерді сараптай білу;  <b>Д.</b> ғылыми әлем суретін қалыптастыра білу, лингвистикалық ғылымның негзгі түсініктері мен терминдері, ережелері жайлы білімдерін көрсету; тілдердің пайда болу, даму және қолдану жолдарын білу, тілдің пайда болуының негізгі теорияларын, тілдік жүйенің құрылымын білу.  <b>Е.</b> инновациялық салалар мен зерттеулердің жаңа әдістерін жекелей игеруге қабілетті болу; танымдық және зерттеу жұмыстарында теориялық негіз білімдері мен кәсіби міндеттерді шешуде практикалық әдістемелерді қолдануға қабілетті болу;</p>
--	-------------------------	--	---	---

### 3.2 Оқу нәтижелерінің картасы

Модуль	Пәннің циклы	Компонент	Пәндердің кодтары	Пәндердің атауы	Құзыреттіліктердің коды														Пәнге келетін құзыреттіліктер саны	Модульдегі барлық құзыреттіліктер саны
					Әлеуметтік құзыреттілік							Кәсіби құзыреттілік								
					Ә Қ1	ӘҚ 2	ӘҚ 3	ӘҚ 4	ӘҚ 5	ӘҚ 6	ӘҚ 7	КҚ 1	КҚ 2	КҚ 3	КҚ 4	КҚ 5	КҚ 6	КҚ 7		
Жалпы модуль 1	БП	МК	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	+			+		+								3	6	
	БП	МК	Ped 5204	Педагогика	+			+			+							3		
	БП	МК	Psi 5203	Психология	+					+	+							3		
	БП	ТК	IKN FF52 2	Электронды білім беру ресурстарын құру/ Білім берудегі ақпараттық-компьютерлік технологиялар													+	4		
Мамандық бойынша модуль2	БП	ТК	ЕТО(Е IL)522	Магистранттарға арналған TOEFL (IELTS)			+			+								4	7	
	БП	МК	ҮҮа52 02	Академиалық мақсаттарға арналған ағылшын тілі (жоғартылған деңгейі) Шетел тілі (кәсіби)	+	+	+											4		
Мамандық бойынша модуль 3	пп	МК	ZhMS hBBZ A 5301	Жоғары оқу орындарында және мектептерде шетел тіліндегі сабақтардың ұйымдастыру формалары мен әдістері												+	+	+	+	4
	ПП	ТК	PPPI O532/ FAT	Профильдік және кәсіби шетелдік білім беру мәселелері/Қазақстандағы көп тілдік білім беру												+			+	3







### 3.3 Білім беру бағдарламасының көлемі туралы жиынтық кестесі

Оқу курсы	Семестр	Менгеретін модульдердің көлемі	Оқылатын пәндердің көлемі		Кредиттер саны									Барлығы ECTS	Барлығы сағат санында	Саны	
			МК	ТК	Теоретикалық оқығу	Оқу танысу тәжірибие	Оқу тәжірибие	практикасы (ШШ)Пед.	Пед. практикасы	Зерттеу практикасы	практикасыҒылыми зерттеу	Қортынды аттестация	Барлығы			Емтихан	Диф.сынақ
1	1	4	9	5	14						1		15	24	675	6	
	2		2	11	13						1		14	20	630	5	1 есе п
2	3	2	-	15	15				3		1		19	28	855	6	
	4								3		4	4	11	20	495	1	1 есе п
Барлығы		6	11	31	42				3	3	7	4	59	92	2655	18	

### 3. КӘСІБИ ЖОБА

(магистрлік диссертация)

Магистрлік диссертация – таңдалған мамандық саласында өзекті мәселелерді оқуда магистранттың өздігінен оқу нәтижесін жалпылауды көрсететін жұмыс.

#### Кәсіби жоба ерекшеліктерінің сипаттамасы және оның оқу процесімен байланысы:

Магистрант ғылыми-зерттеу бағдарламасының бөлімі:

– қорғалатын магистрлік диссертация бойынша оныңтақырыбының негізгі мәселесіне сәйкес келуі қажет;

– өзекті және ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығы болуы тиіс;

– отандық және шетел ғылымы мен тәжірибесінің заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделуі қажет;

– диссертацияда қорғалатын ғылыми тұжырымдамалармен сәйкестендірілген теориялық бөлімдері (әдістемелік, тәжірибелік) болуы тиіс;

Магистрант эксперименталды – зерттеу бағдарламасының бөлімі:

– болашақ кәсіби қызметтің негізгі міндетіне сай келуі тиіс;

– өзекті және ғылыми жаңалығы мен пратикалық құндылығы болуы тиіс;

– компьютерлік технологияның қолданылуымен мәліметтерді сұрыптау мен тәржімалаудың заманауи әдістеріне негізделуі тиіс;

– болашақ кәсіби қызмет саласын жақсарту бойынша практикалық ұсыныстар болуы керек;

– заманауи ғылыми зерттеу әдістемесін қолдану.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары магистратураның негізгі білім беру бағдарламасының міндетті бөлімі болып табылады және ЖОО-ның талаптарына сәйкес жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

ЖОО-да оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының келесідей түрлері, оларды орындау және бақылау сатылары қарастырылады:

- берілген саладағы зерттеу жұмыстарының тақырыптарымен танысудан тұратын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және зерттеу тақырыбын таңдау, таңдалған тақырып бойынша реферат жазу;

- ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу;
- ғылыми-зерттеу жұмысының жүргізілу жоспарын түзеу;
- ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп беруді құру;
- орындалған жұмысты көпшілік алында қорғау.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау және оның жеке жоспарларын түзетудің негізгі формасы ғылыми-зерттеу семинары шеңберінде тақырыпты негіздеу, жоспарды және зерттеудің ағымдық нәтижелерін талқылау болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау процесі кезінде және оның нәтижелерін қорғау барысында ЖОО-ның оқу құрылымдарында оқушылардың алған білімдері мен қалыптасқан құзыреттіліктерінің деңгейінің бағалануына мүмкіндік беретін, жұмыс берушілер мен алдыңғы қатарлы зерттеушілердің шақырылуымен кең талқылау өтуі тиіс. Сонымен қатар, кәсіби көзқарас пен белгілі бір мәдениет деңгейінің қалыптасуымен байланысты құзыреттіліктерге де баға беру қажет.

#### **Университет пен мекемеден тағайындалған жетекшілердің рөлі:**

Магистрлік диссертацияны кафедра оқытушысы бақылап отырады. Орындалған жұмысты тексеру, жұмыстың жоспарлау, шешімін іздеу мақсатында магистрлік диссертация бойынша магистранттар мен олардың жетекшілерінің жиналысы жиі өтіп тұрады (кем дегенде аптасына 1 жиналыс).

Магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшісі:

- магистрлік диссертацияны орындау бойынша тапсырмалар береді;
- магистрлік диссертацияның орындалу кезеңінде жұмыстың күнтізбелік кестесін құруға көмек көрсетеді;
- магистрант жұмысының ғылыми-зерттеу және эксперименталды-зерттеу бағдарламасын құрады;
- магистрантқа қажет негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және архивтік материалдарды, типтік жобаларды және өзге де ақпарат көздерін ұсынады;
- магистрлік диссертацияның барлық бөлімдерінің көлемдерін орнатады және магистранттың жұмысын реттеп отырады;
- магистранттың ғылыми машықтануын жоспарлайды (сонымен қатар шетелдік).

Әрбір академиялық кезеңнің соңында ғылыми-зерттеу және эксперименталды-зерттеу жұмысының нәтижелерін магистрант есеп беру түрінде рәсімдейді. Ғылыми-зерттеу және эксперименталды-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы – магистрлік диссертация. Оны дайындауға 31 кредит бөлінеді.

#### **Магистрлік диссертациядан күтілген нәтижелерді сипаттау және есеп беру формасы:**

Магистрлік диссертация белгілі бір ғылым саласына сәйкес нақты бір мамандықтағы өзекті мәселе бойынша өз бетінше ғылыми зерттеу нәтижелерін жалпылау жұмысы болып табылады.

Магистрлік диссертация келесідей талаптарға сай келуі тиіс:

- теориялық, қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін, нақты бір ғылыми бағыттардың дамуындағы елеулі жетістіктер болып табылатын ғылыми негізделген теориялық және эксперименталдық нәтижелерге ие болуы қажет;
- магистрлік диссертация қорғалатын мамандықтың негізгі мәселесіне сәйкес келуі тиіс;
- және ғылыми жаңалығы мен пратикалық құндылығы болуы тиіс;
- ғылымның, техника мен өндірістің заманауи теориялық, әдістемелік, технологиялық жетістіктері негізделуі және нақты практикалық ұсыныстарға, кешендік және қызмет аралық сипаттағы басқару мәселелерінің өздік шешімдеріне ие болуы қажет;
- компьютерлік технологияның қолданылуымен мәліметтерді сұрыптау мен тәржімалаудың заманауи әдістеріне негізделуі тиіс;
- заманауи ғылыми зерттеу әдістері мен алдыңғы қатарлы ақпараттық технологиялардың қолданылуымен жүзеге асырылуы керек;
- қорғалатын негізгі тұжырымдамалар бойынша ғылыми-зерттеу және эксперименталды-зерттеу бөлімдердің болуы қажет (әдістемелік, практикалық);
- білім саласына сәйкес халықаралық алдыңғы қатарлы тәжірибеге негізделуі тиіс.

Магистрлік диссертация көлемі 60-80 бет. Жеке бір мамандықтар тобы бойынша диссертация көлемі 100 бетке дейін жетуі мүмкін. Аталған көлемге қосымша кірмейді.

Диссертациялар мемлекеттік не орыс тілдерінде жазылады.

Магистерлік диссертация міндетті түрде плагиат бойынша тексерістен өтуі қажет.

### **Магистрлік диссертацияны ұсыну сипаттамасы**

Тек келесі мына талаптардың біріне сәйкес келетін диссертация ғана қорғалуға жіберіледі:

- диссертация нәтижелері зерттеу бағытының дамуындағы жаңа бір жетістік ретінде бағалауға тұратын теориялық тұжырымдар жиынтығынан тұрады;

- диссертацияда маңызды мәні бар ғылыми мәселенің шешімі ұсынылған;

- диссертацияда мәселені шешу жолдары ғылыми негізделген және оларды ғылыми айналымға енгізу ғылыми-техникалық прогрестің тездетілуіне үлкен үлес қосады.

Барлық құжаттары мен материалдары толығымен рәсімделіп, қорғауға толығымен даярланған магистрлік диссертация алдын ала дайындық қорғау процедурасынан өту үшін жіберуші кафедраға және пікір алу үшін ғылыми жетекшіге беріледі. Егер магистрлік диссертация бойынша аралас ғылым саласы бойынша қосымша ғылыми кеңесші тағайындалған болса, онда ғылыми жетекші мен ғылыми кеңесші, бір-біріне еш тәуелсіз жеке-жеке пікір жазады.

Ғылыми жетекші мен ғылыми кеңесшінің (болған жағдайда) пікірлері магистрантқа алдын ала дайындық қорғау процедурасынан («қорғауға жіберілді» не «қорғауға жіберілмеді» деген дәлелденген қорытындының көрсетілуімен ) өткен күннен бастап есептегендегі 10 (күн) ішінде жазылып, беріледі.

Алдын ала дайындық қорғау процедурасынан табысты өткен соң, ғылыми жетекші мен ғылыми кеңесшінің (болған жағдайда) «қорғауға жіберілді» деген қорытындысы және диссертацияның плагиатқа тексерілгені жайлы қорытындысы бар оң пікірлері болған жағдайда, диссертант диссертацияны сараптамаға жібереді.

Диссертацияға сараптама жасау, сәйкес құжаттарды және диссертантты қорғауға жіберуге дайындау процедуралары кешендік емтихан және диссертацияны қорғау уақыттары аралығына жүреді және мерзімі бір айдан аспауы тиіс.

Диссертацияға сараптама жасау үшін біліктілігі қорғалатын диссертациялық жұмыс бағытына сәйкес келетін сарапшы (эксперт) тағайындалады.

Диссертант сарапшыға келесілерді ұсынады:

- аяқталған диссертациялық жұмыс;
- диссертация тақырыбының бекітілгені жайлы құжат;
- транскрипт;
- автореферат;
- орнатылған тәртіпте бекітілген ғылыми публикациялардың тізімі және олардың көшірмелері;
- диссертацияның плагиатқа тексерілгені жайлы қорытынды.

Сарапшы 10 күн ішінде диссертацияны сараптамадан өткізіп, негізделген жазбаша қорытынды жасайды. Онда келесі аталғандар көрсетілуі тиіс:

- диссертацияда жазылған нәтижелерді алуға магистранттың нақты өзінің қатысуы;
- жүргізілген зерттеулер нәтижелерінің негізділік деңгейі, олардың жаңашылдығы, практикалық құндылығы;
- диссертация мамұнының жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім мамандықтарының Классификаторы бойынша сәйкес келуі;
- диссертация материалдарының магистрант жариялаған жұмыстарда толық мазмұндалуы.

Сарапшы қорытындысының резюмдік бөлігінде келесі шешімдердің бірі шығарылады:

- 1 диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыну;
- 2 диссертацияны көпшілік алдында қорғауға тек көрсетілген ескертулерді белгіленген уақыт аралығында жояған жағдайда ғана ұсыну;
- 3 диссертацияны қорғауға ұсынбау.

Магистрлік диссертация бойынша біліктілігі қорғалатын диссертациялық жұмыс бағытына сәйкес келетін рецензент тағайындалады. Рецензент КМУ қызметкері болмауы тиіс. Рецензенттердің кандидатуралары ректордың бұйрығымен, қорғау уақытынан кем дегенде 1,5 (бір жарым) ай бұрын, жіберуші кафедра меңгерушісінің ұсынуы негізінде бекітіледі. Бұл үшін

рецензенттің анкеталық мәліметтері (жұмыс орны, атқаратын қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, магистрлік диссертация бағыты бойынша негізгі публикациялар тізімі (кем дегенде 3 жұмыс) және рецензенттің жазбаша келісімі) берілуі қажет.

Рецензент магистрлік диссертацияны және диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарды зерттеу негізінде, 10 күн ішінде рецензентті тағайындау туралы бұйрық шыққан күннен бастап, жазбаша түрде рецензия даярлайды. Мұнда диссертацияға жан-жақты сипаттама беріліп, таңдалған тақырыптың өзектілігі, ғылыми тұжырымдардың негізділік дәрежелері, қорытындылар мен ұсыныстар, жаңашылдығы объективті түрде бағаланады.

Рецензия көшірмесі магистрантқа диссертация қорғалатын күннен 10 күн бұрын беріледі.

Магистрлік диссертация келесі аталғандар болған жағдайда ғана қорғалады:

- ғылыми жетекшінің оң пікірі;
- ғылыми баспаларда диссертация тақырыбы бойынша кем дегенде бір жариялым не халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда сөз сөйлеу;
- жіберуші кафедраның қорғауға ұсынатыны жайлы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан жазба);
- рецензенттің бір рецензиясы.

Ғылыми жетекші не сараптамалық комиссия теріс қорытынды, яғни «қорғауға жіберілмейді» не «қорғауға ұсынылмайды» деген шешім шығарса, магистрант магистрлік диссертациясын қорғамайды.

Қорғалған магистрлік диссертация нәтижелері әрбір магистрантқа жеке хаттама түрінде рәсімделеді.

Магистрантты диссертация қорғауға жіберу ректордың бұйрығымен, қорғау күнінен екі апта бұрын рәсімделеді.

Магистрлік диссертацияны қорғау берілген магистратура мамандығы бойынша құрылған МАК отырысында жүзеге асырылады.

Магистрлік диссертацияны МАК келесідей критерийлерді ескере отырып бағалауы тиіс:

- орындалған жұмыс көлемі;
- өз бетінше зерттелуі;
- әдеби шолым толықтылығы, қолданылған ақпарат көздерінің заманауилығы;
- алынған нәтижелердің ғылыми зерттеулерде, практикалық жұмыста не оқу процесінде қолданылу мүмкіндігі;
- материалды жазудағы сауаттылық және нақтылық;
- қорғауда баяндау сапасы;
- қорғау кезінде қойылған сұрақтарға және рецензия берушінің ескертулеріне берілген жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы.

Сарапшыға ұсынылатын құжаттарға қосымша МАК келесідей құжаттар ұсынады:

- магистранттың жеке оқу жоспарын орындағаны жайлы, барлық дисциплиналар, тапсырған курстық жұмыстар және практика түрлері бойынша алған бағалары, олардың көлемі туралы анықтама;
- магистранттың ғылыми жетекшісінің пікірі (ғылыми кеңесші);
- сарапшы қорытындысы;
- рецензия.

Егер пікір көрсетілген талаптарға сай болмаса, МАК оны қайта өңдеу үшін рецензия берушіге қайтарып беруге не рецензия берушіні диссертация қорғау мерзімінен кем дегенде 10 күн бұрын ауыстыруға құқылы.

Магистрлік диссертация бойынша МАК отырысына оның кем дегенде 2/3 мүшесі қатысса, ол заңды деп есептеледі.

Рецензент және ғылыми жетекші диссертация қорғауына қатысулары тиіс. Кей жағдайларда магистрлік диссертация оған оң пікір берген рецензенттің қатысуынсыз (себепті) қорғала алады. Ондайда МАК отырысында қатыспаған рецензенттің пікірі толығымен оқылады.

Қорғалған магистрлік диссертациялардың қорытындылары туралы шешім ГАК жабық отырысында мүшелердің ашық дауыс беруі арқылы шығарылады және хаттамамен рәсімделеді.

Хаттамаға отырысқа қатысқан төраға және МАК мүшелері қол қояды.

Қорғалған магистрлік диссертация бойынша МАК теріс шешім шығарса, ол диссертация қайта өңделгеннен күйінде бір жылдан кейін қайта қорғауға ұсынылуы мүмкін. Қайта қорғау кезінде қорғауға жіберу бойынша барлық процедуралар қайта жүргізіледі, сараптамалық комиссия мүшелері мен рецензент толығымен ауыстырылуы тиіс.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері қорғалған күні жария етіледі.

Көпшілік алдында магистрлік диссертация қорғаған магистрантқа МАК отырысы хаттамасының негізінде сәйкес мамандығы бойынша магистрдің академиялық дәрежесі беріледі.

#### **Магистрлік диссертацияның орындалу уақыты:**

Жұмыс «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының оқу жоспарына сәйкес орындалады, жұмыс тақырыбы және оны орындау бойынша жоспар-міндеттер «Ағылшын тілі және оқыту әдістемесі» кафедрасының отырысында факультет Кеңесі мен университет Кеңесімен бекітіледі.

### **5.КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕ**

ЖОО-да оқу кезінде магистрант тәжірибеден өту арқылы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырады. Практиканың өткізілу мақсаты – магистранттың оқу процесінде алған білімдерін бекіту және білім беру аясында жұмыс істеу дағдыларын игеру.

Ғылыми және педагогикалық магистратураның білімдік бағдарламасы келесідей практика түрлерін қамтуы тиіс:

- педагогикалық;
- зерттеу.

Магистранттың **педагогикалық тәжірибесі** теориялық білімді қолдана алуға үйрету және жоғары мектепте оқытудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Магистранттың зерттеу тәжірибесі мектепке дейінгі педагогика саласындағы жаңа теориялық және әдістемелік жетістіктермен танысу, магистрлік диссертация үшін материалдар мен ақпарат көздерін жинау мақсатында жүргізіледі.

Педагогикалық тәжірибенің өту орны ЖОО болып табылады.

Магистранттың **зерттеу тәжірибесі** отандық және шетелдік ғылымның теориялық және әдістемелік жетістіктерімен, заманауи ғылыми зерттеу әдістерімен, эксперименталдық мәліметтерді өңдеу және түсіндіру әдістерімен танысу мақсатында жүргізіледі.

- зерттеу және өндірістік тәжірибе мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.
- Тәжірибенің барлық түрлері жеке жоспарға сәйкес уақытында жүзеге асырылады.

### **6.БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ФОРМАЛАРЫ**

Пәнді оқу кезінде оқушылардың білімдерін ағымдық бақылаудан өткізудің әртүрлі түрлері қарастырылуы мүмкін:

- ауызша сұрау – материал оқылғаннан кейін пәннің бір не бірнеше тақырыптары бойынша сұрақтарға жауап және жағдайларды талқылау түрінде өтетін бақылау;

- жазбаша бақылау – курстың жеке бір тақырыптары бойынша қойылған сұрақтармен жұмыс, тапсырмаларды орындау, жағдайларды талдау, практикалық тапсырмаларды орындаумен байланысты бақылау;

- құрамдастырылған сұрау – бір не бірнеше тақырыптар бойынша білімді бағалаудың ауызша және жазбаша түрлерін біруақытта қолданатын бақылау;

- үй жаттығуларын қорғау және презентация – жеке не топтық үй тапсырмалары бойынша білімдерін бақылау;

- дискуссия, тренингтер, дөңгелек үстелдер – проблемалық сұрақтарды топтық талқылау;

- тестілер – оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және сапалы бағалауға мүмкіндік беретін белгілі бір формадағы тапсырмалар жиынтығы (ашық, жабық, екі жақты).

#### **Бағалау ережесі**

Дәстүрлі жүйе бойынша	Әріптік	Ұпай-	%	ұпай	
-----------------------	---------	-------	---	------	--

бағалау	жүйе бойынша бағалау	дың сандық эквиваленті	мазмұны		ECTS бағасы
үздік	A	4	95-100	95-100	A (үздік)
	A-	3,67	90-94	90-94	
жақсы	B+	3,33	85-89	85-89	B (өте жақсы)
	B	3,0	80-84	80-84	
	B-	2,67	75-79	75-79	C (жақсы)
қанағаттанарлық	C+	2,33	70-74	70-74	
	C	2,0	65-69	65-69	
	C-	1,67	60-64	60-64	
	D+	1,33	55-59	55-59	E (жанама)
	D	1,0	50-54	50-54	
қанағаттанарлық емес	F	0	0-49	0-49	F(FX) (қанағаттанарлық емес)

Кесте 1 – кредиттік оқу жүйесіндегі емтихандық бағалау схемасы

Егер алынған бағалар А - D аралығында болатын болса, кредиттер есептеледі (1-кесте). F-пен бағаланған барлық пәндер қайтадан игерілуі тиіс. Егер магистрант берілген модульді игермеген болса, кредитердің жалпы саны есептелмейді.

Кредиттік оқу жүйесінде магистранттың емтихандары 1 кестеде көрсетілген схема бойынша бағаланады.

Жазбаша емтиханның не кешендік формадағы емтиханның жалпы уақыты (билеттер және тесттер бойынша жазбаша) үш сағаттан аспауы тиіс. Тестілік формадағы емтиханға бөлінетін уақыт тестінің әрбір бір сұрағына жауап беруге 1- 2 мин. берілу арқылы анықталады.

Пән бойынша қорытынды баға ағымдық, аралық және қорытынды бақылау бағаларынан тұрады. Қорытынды бақылау (емтихан) 100%, ағымдық және аралық – 100% құрайды; балл түрінде – 100 және 100. Пән үшін қойылатын ең жоғарғы балл – 100.

### **Білім алушылардың қорытынды аттестаттациясы**

Оқушыларды қорытынды аттестаттау - қалыптасқан құзыреттіліктердің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестілігін анықтауға бағытталған магистранттың оқу жетістіктерін мемлекеттік бақылаудан өткізу формасы.

Оқушыларды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде оқу жұмысының жоспарында қарастырылған уақытта кешендік емтихан тапсыру және магистрлік диссертация қорғау түрінде өтеді.

Кешендік емтихан және магистрлік диссертация қорғау Мемлекеттік аттестаттау комиссиясымен жүргізіледі (МАК).

МАК төрағасы орнатылған тәртіпте ЖОО Ректоратының ұсынуымен Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігімен тағайындалады.



Кешендік емтихан диссертция қорғалатын мерзімнен кем дегенде бір ай бұрын өткізіледі. Кешендік емтиханға магистранттың өз мамандығы бойынша міндетті базалық және профильдік пәндер циклі кіреді.

Магистрлік диссертция қорғау процедурасы магистратура Кеңесімен анықталады.

### **Кредиттер беру шарттары**

Білім алушылардың еуропалық білім беру кеңістігінде академиялық мобильностьпен қамтамасыз ету және білім беру бағдарламаларын мойындау үшін ECTS кредиттерінде қазақстандық кредиттерді қайта санау қажет.

ECTS шеңберіндегі академиялық кредит – аудиториялық сабақтарда және өздік жұмыс жасау уақытында поқылатын пәннің жүктемесін өлшеу бірлігі. Бір ECTS кредиті 25 – 30 академиялық сағатқа тең.

Егер бір оқу жылының оқу жұмысының жиынтық еңбек сыйымдылығын 60 кредит 9 алса, білім алушы бір семестрде 30 кредит жинайды, триместрде – 20 кредит. Оқу жылының ұзақтығы 10 апта және 6 апта емтихан тапсыруға беріледі (қорытынды бақылау).

Қазақстан Республикасы кредиттерін ECTS кредиттеріне сәйкес қайта есептеу не кері әрекет жасау ауыстырмалы коэффициенттер негізінде жүзеге асырылады.

ECTS кредиттерін Қазақстан Республикасы кредиттеріне сәйкес қайта есептеу ECTS кредиттерін оның бір кредитінің әрбір пән және білімдік бағдарламалардың деңгейлері бойынша толықтылығына байланысты ауысырмалы коэффициентке бөлу арқылы жүзеге асырылады:

- бейіді магистратура үшін –2 - 2,4 аралығында, ғылыми және педагогикалық үшін –2,5 – 3 аралығында.

## **7. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ**

Кафедрада «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша магистрларды даярлайтын 8 оқытушы жұмыс істейді. Олар – тәжірибелі, өз ісін білетін оқытушылар:

1. Шаймерденова Н.Ж. – ф.ғ.д., профессор
2. Немченко Н.Ф. – ф.ғ.к., доцент, академиялық профессор
3. Исмагулова А.Е. – ф.ғ.к., доцент м.а.
4. Жукенова А.К. – ф.ғ.к., доцент м.а.
5. Рыспаева Д.С. – ф.ғ.к., доцент м.а.
6. Дальбергенова Л.Е. – PhD, доцент
7. Байманова Л.С. – ф.ғ.к., доцент

Оқу-әдістемелік жұмыс кредиттік технология бойынша заманауи педагогикалық технологиялардың, жаңа оқыту әдістерінің, магистранттардың танымдық іс-әрекеттерін белсендіретін құралдардың қолданалуымен жүргізіледі.

Материалдық-техникалық қамтамасыздандыру: компьютерлік сыныптар, бес миллионнан астам кітап нұсқалары кіретін және жыл сайын толықтырылып отыратын кітапханалық қор. ЖОО-ның материалдық-техникалық базасы 5 оқу залы, екі дене сауықтыру кешені, спорттық залдар, профилакторий, асхана, жатақханадан тұрады. Ұжымның ерекше бір мақтанышы 2006 жылы ашылған кіреді. столовые, общежития. Ақмола облысының Зеренді аймағында орналасқан «Тұлпар» спорттық-сауықтандыру лагері және ыңғайлы «Студенттер үйі» салынды. Мұнда студенттердің тұруы мен оқуына қажетті барлық қызметтер кешені ұсынылған, «Арасан» профилакторийі жұмыс істейді.

## **8. ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ**

Магистратура түлегінің келесідей ұйымдар мен мекемелерге жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар:

ғылыми-педагогикалық даярлау:

- ғылыми-зерттеу институттары;
- жоғары оқу орындары.

Жұмысқа орналасу кезінде университет тарапынан келесідей көмектер көрсетіледі:

- түйіндеме құруда көмек;
- жұмыс іздеуде көмек;
- шарт жасау;
- еңбек нарығын зерттеу;
- практика базаларынан персоналдық сұраныстар;
- «Жұмысқа тұру жәрмеңкесі»;
- іскери ойындар, тренингтер;
- жастар практикасы.

#### **Жұмысқа орналасуда көмек көрсету**

Университеттің кәсіби-практикалық іс-әрекет және жұмысқа орналастыру бөлімі облыстың жұмыспен қамту қызмет орындарымен және білім басқармаларымен бірлесе отырып, оқу орындарының арнайы жәрмеңкелерін, білім көрмелерін ұйымдастыру мен өткізуге қатысады; облыстың және саланың кадрлық қажеттілігінің мониторингін өткізеді; түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша халықты жұмыспен қамту орталығымен, жергілікті билік органдарымен бірлесе әрекет етеді.

Мемлекеттік мекемелер түлектердің жұмысқа орналасуы мен жұмыспен қамтылуына көмек көрсетеді.

#### **Қорытынды**

БМ011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы келесі ескертулер мен ұсыныстарды ескеру негізінде жұмыс берушілердің талаптары және жергілікті жұмысқа тұру нарығының сұранысына сәйкес келеді.

БМ011900 мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы 2018-2020 оқу жылының оқу үрдісіне енгізуге ұсынылады.